



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

10. Barnard A. Antropologia. Zarys teorii i historii. – Warszawa, 2016. – С. 83.
11. Buchowski M. Magia i rytuał. – Warszawa, 1993. – С. 32-33.
12. Ciesielska A. Memento Mori: żyjący wobec śmierci i zmarłych na przestrzeni dziejów// Funeralia Lednickie. Środowisko pośmiertne człowieka. – 9. – Poznań, 2007. – С.195.
13. Cirlot J.J. Słownik symboli. –Kraków, 1992. – С. 281-282.
14. Eliade M. Historia wierzeń i idei religijnych. Od epoki kamiennej do misterii eleuzyrskich. – Warszawa, 1988. –Т. I. – С.13.
15. Gediga B. Śladami religii prasłowian. – Warszawa, 1976. – С.156-157.
16. Keller J. Religia// Religie Azji, Afryki, Ameryki, Australii i Oceanii. – Warszawa, 1980. – С. 5-6.
17. Kuper A. Wymyślanie społeczeństwa pierwotnego. Transformacja mitu. – Kraków, 2009. – С. 89.
18. Miśkiewicz M. Wczesnośredniowieczny obrządek pogrzebowy na płaskich cmentarzyskach szkieletowych w Polsce // Materiały Wczesnośredniowieczne. – 1969. – Т. 6. – С. 244.
19. Pawlik. J.J. Sposoby obchodzenia się z ciałem zmarłego z perspektywy antropologii kultury poznania // Funeralia Lednickie. Popiół i kość, номер 4. – Sobótka-Wrocław, 2002. – С. 30-31.
20. Tokarczyk A. Tamten świat. – Warszawa, 1986. – С.
21. Tokarczyk A. Wymarłe religii świata. – Warszawa, 1991. – С.
22. Wawrzyniuk J. Grób i jego wartości poznania // Funeralia Lednickie. Popiół i kość, номер 4. – Sobótka-Wrocław, 2002. – С76-78
23. Woźny J. Symbolika śmierci i rytuałów pogrzebowych w kulturach wczesnotradycyjnych na Ziemiach Polskich poznania // Funeralia Lednickie. Popiół i kość, номер 4. – Sobótka-Wrocław, 2002. – С. 47, 49, 53.
24. Woźny J. Cmentarzyska jako miejsca kultu w sakralnym krajobrazie // Funeralia Lednickie. Środowisko pośmiertne człowieka, номер 9. – Poznań, 2007. – С.220-222.

УДК 902/904(574.4)

## **ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР**

**Мұсырманқұл Пердехан Бекмагамбетұлы**

perdehan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты,

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Үмітқалиев Ұ.Ұ.

Шығыс Қазақстан өңірінің археологиялық тұрғыда зерттелуінің ғасырдан астам тарихы бар. Бұл өңірдің қола дәуіріне аса қажетті деректер В.В. Радловтың, Н.С. Гуляевтың, А.В. Адриановтың жазбаларында сипатталған. Қола дәуірі мәдениетін зертеумен айналысу Кеңестік кезеңде бір жүйеге түсті. Жоғарыдағы зерттеулер туралы М.П. Грязнов өз еңбегінде егжей-тегжей баяндаған. Ол 1930 жылы Алтай өңіріндегі өз зерттеулерінің нәтижесінде қола дәуірін алдыңғы, орта, соңғы деп үш кезеңге бөледі [1, с. 149-162]. Шығыс Қазақстан археологиясын зерттеу жұмыстары С.С. Черниковтың есімімен тығыз байланысты. Өңірдің археологиялық ескерткіштерін кезеңдеуде және хронологиялық уақытын анықтаумен қатар, петроглифтерді тізімдеуде де зор істер атқарды. 1935 жылы ірі құрылыс жұмыстарының қарқынды жүргізілуімен апатты жағдайдағы ескерткіштерді зерттеу мақсатында С.С.Черниковтың ұйымдастыруымен Материалдық мәдениет тарихы институтының (ММТИ) Ленинградтық бөлімшесінің Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы ұйымдастырылды. С.С. Черников зерттеулері арадағы кейбір үзілістерді есепке алмағанда 1972 жылға дейін жалғасты. 1935, 1937

жылдары Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы С.С.Черниковтың басқаруымен Қалба, Нарым жоталарынан ежелгі қалайы, алтын, мыс кен орындарын іздестірді және археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Бұл кездері экспедиция ММТМА-ның Қазақстан экспедициясының ҚалбаНарым отряды деп аталған еді. С.С.Черниковтың айтуынша А.Г. Тимофеевтың есептеуі бойынша, Ертістің жоғарғы ағысындағы өңірден б.з.б. II-I мыңжылдықтарда жылына 3-5 тонна қалайы өндірілгендігі анықталды [2, с. 149-162]. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдерде белгілі ғалым Әбусағит Жиреншиннің бастамасымен өлкетанушылық экспедициялар және Алматыдағы Орталық мемлекеттік музейдің қызметкері Л.К. Нифонтованың, Ленинградтық ғалым С.С. Черниковтардың барлау жұмыстары нәтижесінде Сарыкөл ескерткіштері тізімге алынды. Кейіннен 1980 жылдардың аяғында осы өңірдің тумасы Ә.М. Оразбаев осы Сарыкөл ескерткіштерін көріп сол маңнан бірнеше обаға қазба жүргізеді [3, с. 151]. С.С. Черниковтың «Восточный Казахстан в эпоху бронзы» деп аталатын еңбегінде аталмыш аймақтың археологиясына арналған бірден-бір құнды еңбек. С.С.Черников басқарған Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы республиканың шығыс өңірінде бұрынғы жұмыстарын ары қарай жалғастырды. 1947 ж. басталған мұндағы зерттеулер кезінде Камышинкадан Бұқтырмаға дейінгі Ертіс алабында барлау жүргізілді және Мешіт ауылы мен Мало-Красноярка деревнясы (ішінара барлаулық қазба жүргізілді) маңындағы Семей құмды төбелеріндегі андроновтық қоныстар анықталды. 1935, 1937, 1947 жылдары жүргізілген жұмыстарына есеп бере келе, С.С. Черников Ертістің жоғары ағысында обалық ескерткіштерін үш түрін бөліп көрсетеді. Археологтың айтуынша, бұл өңірде негізінен: 1) тас плиталары қырынан қойылған, обалық үйіндісі жоқ таза классикалық андронов типіндегі; 2) ерте көшпенділерге жататын тас пен топырақтан тұрғызылған аса биік емес обалар 3) түркі заманының тастан үйілген обалары кеңінен таралған. Зерттеуші Семей облысы Жарма ауданы Жаңажұрт ауылы маңындағы қорымнан андроновтық №1,10,8 обаларды аршиды да, олардан қола дәуіріне жататын қыш ыдыстар сынығын, адам сүйектерін табады [4, с. 37-58]. Осы уақытқа шейін тек Қалба мен Нарым жоталарынан мыңнан астам түрлі дәуірлердің қорғандары, мыс, алтын, қалайы өндірілген 37 кен орындары жартас бедерлерінің 17 пункті, ондаған тас мүсіндер, т.б. тарихи нысандар ашылған еді. 1947 жылғы (40 шақты ескерткіштер анықталған) және одан бұрынғы ізденістерді жүйелей келе, С.С. Черников Қазақстанның шығыс өңірі қола дәуірінде Солтүстік Азия мен Шығыс Еуропадағы ірі металлургиялық орталық болғандығын, мұнда өндіргіш күштер іргелес аймақтарға қарағанда қарқынды дамығандығын, бұл өлке де андронов мәдениетінің ірі мәдени ошағы болғандығын, аталмыш мәдениеттің соңғы кезеңінің (дәндібай) өзіндік бет-бейнесі қалыптасқандығын қорытындылады. Мало-Красноярка, Алексеевка қоныстарының материалдарына ерекше мән бере келе, С.С. Черников қола дәуірі мен ерте темір дәуірі ескерткіштері арасындағы генетикалық байланысты көре білді. Оның пайымдауынша көшпелі шаруашылықтың ары қарай дамуы даланың экономикалық және этникалық картасын өзгертіп жіберді, темірдің пайда болуы мұндағы ежелгі андроновтық мәдениет орталығын жойды да, жетекші шаруашылық рөлі басқа территорияларға ауысты [5, с. 64-79]. С.С. Черниковтың жоғарыда аталған іргелі ізденісі шығыс өңірлердегі көпжылдық жұмыстардың қорытындысы іспеттес еді. Еңбегінде ол андроновтық мәдениет ескерткіштеріне (қорым, қоныс, кездейсоқ табылған олжалар), қоныстар тобына (Қанай, Усть-Нарым, Мало-Красноярка, Трушниково), қоныстардағы фаунамен флораға сипаттама берді. Шығыс Қазақстандағы андронов мәдениетінің ерекшеліктерін, хронологиясын, андронов мәдениетін қалдырған тайпалардың шығу тегі мен тарихи дамуын, көне кен орындарының проблемаларын анықтады, ескерткіштердің картасын жасады. 1960 жылы С.С. Черников Шығыс Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерін ұзақ жылдар бойы зерттей келе, қола дәуірінің бастапқы кезі б.з.б. ХҮІІІ-ХҮІІ ғасырларда басталады да, б.з.б. ҮІІІ-ҮІІ ғасырларда аяқталады деген тұжырымдаманы қабылдады. Өзі Шығыс Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерін төрт кезеңге бөлді: бірінші, усть-буконь (б.з.б. ХҮІІІ-ХҮІІ ғасырлар); екінші, қанай (б.з.б. ХҮІ-ХІІ ғасырлар);

үшінші, мало-красноярск (б.з.б. XII-ҮІІ ғасырлар); трушниково (б.з.б. IX-ҮІІ ғасырлар) [6, с. 124-128]. Шығыс Қазақстанның қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуге үлес қосқан ғалым А.Г. Максимова. Ол өзінің қазба материалдарының нәтижесінде осы аймақтың қола дәуірінің Федоровтық және Замараевтық кезеңдердің ескерткіштерін бөліп көрсете отырып, ерте және кейінгі қола дәуірінің екі сатылы кезеңдемесін ұсынды [7, с.24]. Осы өңірдің қола дәуірі ескерткіштерін зерттеуге елеулі үлес қосқан тағы бір ғалым Ф.Х. Арсланова өз зерттеулерін сараптай келе, Шығыс Қазақстанның Федоров ескерткіштері Қарасұқ мәдениетінің белгілі бір топтарымен етене жақын екендігі күдік туғызбайды деп түйген [8, с. 220-226]. Аймақтағы қола дәуірі ескерткіштерін зерттеп жүрген ғалым А.С. Ермолаева Шығыс Қазақстанның қола дәуірінің керамикаларын кешенді түрде қарастыра келіп, Федоровтық және Бишікүл деп сыртқы жасалу түрлеріне қарай бөлді [9, с. 89-100]. Сондай ақ, 1980 жылдары А.С. Ермолаева Измайловка қорымында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ескерткіштің қыш материалдары беғазы-дәндібай, сарғара-алексеев және «ертекөшпелілер дәуірінің ыдыстарына жақындайтын құмыра тәріздес» ыдыстарға ажыратылды [10, с. 64-94]. Т.М. Тепловодская Шығыс және Орталық Қазақстанның соңғы қола дәуірі қыш ыдыстар кешеніне сараптама жасады. Ол сарғара алексеев пен беғазы-дәндібайлық қыш кешендерінің шікізатының біркелкілігі мен ұқсастығын айта келе, бұл екеуінің дайындау ерекшелігімен ажырады деді [11, с. 150-166]. 1985 жылдан бастап ҚазМУ жасақтаған, белгілі археолог Ә.М.Оразбаев басқарған археологиялық экспедиция Шығыс Қазақстан облысының аумағын жүйелі түрде зерттей бастайды. Осы жылы экспедиция мүшелері Таврия ауданындағы Қойтас, Баймұрат қорымдарынан 13 қоршау қазады. Зерттеу нәтижелері бұл ескерткіштердің б.з.б. ХҮІІІ-ХІҮ ғасырларға жататындығын көрсетіп берді. Сонымен қатар бұл маусымда осы экспедиция мүшелерінің қажырлы еңбегінің арқасында Семей облысының Абай ауданындағы бірнеше жүз археологиялық ескерткіштер тізімдеме жасалынып, төлқұжаты түзілді. 1986 жылы Ә.М. Оразбаев басқарған бұл экспедиция Қатонқарағай ауданында жұмыстарын жалғастырып, Черновая-1-3 қорымдарынан 15 оба қазады. Олардың екеуі энеолит дәуіріне жатқызылған, ал Черновая-1 қорымындағы №2 және Черновая-3 қорымындағы №6 обалар ерте темір дәуірімен мерзімделген болатын [12, б. 3-8]. Қалғандарынан алынған мағлұматтар Қазақстан қола дәуірі жайлы ғылыми таным-түсініктер аясын кенейте түсті. 1989 жылдан бастап Ә.М. Оразбаев, Ә.Т. Төлеубаев бастаған экспедиция Семей өңірін зерттеді. Экспедиция Семей облысының Ақсуат ауданында Ескеалмас, Масалы ескерткіштерін зерттеді. 1992-1998 жылдары ҚазМУ-дің (ҚазҰУ) Шығыс Қазақстан экспедициясы (жетекшісі Ә.Т.Төлеубаев) Ақсуат, Жарма, Аягөз, Мақаншы, Абай аудандарында қола және ерте темір дәуірінің 200ден астам ескерткіш топтарын ашып, есепке алды да, төл құжаттарын жасады. Сонымен қатар Тарбағатай өңірінен де 40-тан астам қола дәуіріне жататын қорымдар тобы анықталып, төлқұжаттары жасалынған. Стационарлық жұмыстар барысында Ескеалмас қорымының №5,13,12 қоршаулары, Масалы қорымының №10 қоршауы қазылып, қыш ыдыс сынықтары, қола әшекей бұйымдар, тоқылған киім қалдықтары табылған. Соңғылары жіптерінің сипатына қарағанда, қазақтың «өрмек» секілді қарапайым станок-аспапта тоқылған. Құрылысы мен аршып алынған заттарға қарап, Ә.Т.Төлеубаев Тарбағатай өңіріндегі бұл ескерткіштерді б.з.б. ХҮІ-ХІҮ ғасырларға жатқызады [13, с. 83-104]. Сондай ақ, ресейлік ғалымдар А.А. Ткачев, Н.А. Ткачеваның еңбектері де Қазақстанның қола дәуірі мәселелеріне арналған. Олардың еңбектерінде Ертіс бойы археологиясына қатысты құнды ойлары жарияланған. Әсіресе, қола дәуірі ескерткіштерін жаңаша тұрғыда мерзімдеу және кезеңдеу мәселелері және қоныстар мен керамикалар жайында ғылыми ізденістері берілген. Н.А. Ткачева Жоғарғы Ертіс өңірінің тың мәліметтерін пайдалана отырып, соңғы қола дәуірінің трушников мәдениетін бөліп шығарады да, оның үш хронологиялық сатысын көрсетеді. Ол трушников мәдениетінің негізгі үш кезеңге бөледі: ерте – мало-краснояр (б.з.д. ХІІІ-ХІ ғғ.), орта – трушников (б.з.д. ХІ-Х ғғ.), кейінгі – соңғы трушников (б.з.д. IX-VІІІғғ.). Н. Ткачева қолда бар материалдар негізінде б.з.д. І мыңжылдықтың бірінші жартысында Ертіс өңірінде өзара туыс екі

тайпа қатар өмір сүріп, олардың бірі отырықшылық, яғни жер өңдеу мен металлургия өндірісімен айналыса, екінші бөлігі көшпелі салтында өмір сүрген деген тұжырым жасайды [14, с. 3943]. Соңғы жылдары Шығыс Қазақстан аумағында қола, темір дәуірінің ескерткіштерін кешенді түрде зерттеп жүрген Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Археология және этнология кафедрасының меңгерушісі Ұ. Үмітқалиев басқаратын Шыңғыстау археологиялық экспедициясының жұмыстарын ерекше атап өте аламыз [15, с. 277]. 2013 жылдан бастап экспедиция Абай ауданы аумағындағы Қырыққүңгір қорымында қола дәуірінің қоршаулары мен темір дәуірінің обаларындағы археологиялық қазба жұмыстарымен жүргізумен айналысып келеді. Шығыс Қазақстанның әкімшілік-территориялық аймағы қола дәуірі мәселелері тұрғысынан қарастырғанда біртекті мәдениет үлгісі бола алмайды. Оған себеп аталған аймақтың жапсарлас өлкелермен этномәдени байланыстарының болуымен түсіндіруімізге болады. Мысалы, Ертіс бойы қола дәуірі ескерткіштерінде Оңтүстік Сібірдің афанасьев мәдениетінің белгілері кездессе, Тарбағатайдың күнгейіндегі ескерткіштерінде Жетісудың Бүйен мәдениетінің ықпалы немесе өзара байланысы болғанын байқауға, ал Шыңғыстау өлкесіндегі ескерткіштердің Орталық Қазақстанның қола дәуірі мәдениетімен астасып жатқанын аңғаруымызға болады. Сонымен, Шығыс Қазақстан аумағындағы қола дәуірі ескерткіштерін жүйелі түрде зерттеу көне дәуірдегі этномәдени үдерістер мәселесін анықтауға, олардың ерекшеліктерін айқындау мен осы дәуірге қатысты кезеңдемелер мәселелерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік тудырады. Ол дегеніміз жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми тұжырымдары тоғысындағы түйткілдерді саралау, қола дәуірі халықтарының қалыптасуы мен миграция мәселелерінің шешілуі болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Грязнов М.П. Казакстанский очаг бронзовой культуры // Казаки. – Л., 1930. – С. 149-162.
2. Құрманқұлов Ж.Қ., Байғұнақов Д.С. Қазақстанның қола дәуірі. – Алматы, 2008. – 12-13 бб.
3. Үмітқалиев Ұ.Ұ., Айтбаев А.Б., Әбдіғали Н.Ә. Қырыққүңгір қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары // Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – С. 151-157.
4. Черников С.С. Отчет о работе Восточно-Казахстанской археологической экспедиции 1947 года // Известия АН КазССР. Серия археол. 1949. Вып. 2. – С. 37-58.
5. Черников С.С. Отчет о работах Восточно-Казахстанской экспедиции 1948 г. // Известия АН КазССР. Серия археол. 1951. Вып. 3. – С. 64-79.
6. Байғунақов Д.С. С.С. Черников – тас және палеометалл дәуірлерін зерттеуші // Вестник КазНУ. Сер. ист. 2007. №4. – 124128 бб.
7. Максимова А.Г., Ермолаева А.С. Памятники эпохи бронзы // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата, 1987. – С. 24-73.
8. Арсланова Ф.Х. Некоторые памятники позднего бронзового Верхнего Прииртышья // СА. 1974. №1. – С. 220-226
9. Ермолаева А.С., Тепловодская Т.М. Керамический комплекс из федоровских погребений Восточно-Казахстанского Прииртышья // Проблемы реконструкции хозяйства и технологии по данным археологии. – Петропавловск, 1993. – С.89-100.
10. Ермолаева А.С. Памятники переходного периода от эпохи бронзы к раннему железу // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата, 1987. – С. 64-94.
11. Бейсенов А.З., Ситников С.П., Федорук А.С. Қазақстан мен оған жапсарлас өлкелердің соңғы қола кезеңі мәдениеттерінің зерттелу мәселелері // Далалық Еуразияның беғазы-дәндібай мәдениеті. Ж. Құрманқұловтың 65 жылдық мерейтойына арналған ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2013. – 150-166 бб.

12. Төлеубаев Ә.Т. ҚазМУ-дің көне дәуір археологиясы және этнологиялық зерттеу топтарының жұмыстары // Этнокультурные процессы на территории Казахстана (древность, средневековье, современность). – Алматы, 1995. – С. 3-8.
13. Төлеубаев А.Т. Памятники эпохи бронзы Ескеалмас и Масалы в северных склонах Тарбагатая // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – С. 83-104.
14. Ткачев Н.А. Динамика и характер развития комплексов эпохи бронзы Верхнего Прииртышья // ВААЭ. – 1999. – Вып. 2. – С. 39-43.
15. Умиткалиев У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. Археологические работы на могильнике Кырыкунгир в 2016 году (Восточный Казахстан) // Хабаршы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2017, №1 (116). – С. 277-280.

ӘОЖ 37 035.6

## **ТӨРТІНШІ ӨНЕРКӘСІПТІК РЕВОЛЮЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛУЫ**

**Отарбай Шаһризада Мұхтарқызы**

[shahrizada.otarbay@gmail.com](mailto:shahrizada.otarbay@gmail.com)

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

Тарих, архнология және этнология факультетінің

5В091000 «Кітапхана ісі» - мамандығының 3-курс студенті, Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Мұқажанова Т.Н.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының қазіргі таңда қоғам, мемлекет үшін өзектілігі – ел ішінде қызу талқылануда. Биылғы Жолдаудың тақырыбына сай Елбасымыз Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін айта отырып, сол нәтижеге жету жолындағы 10 бағыт бойынша атқарылатын маңызды міндеттерді атап көрсеткен болатын.

«Біз жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, «Қазақстан – 2050» даму стратегиясын қабылдадық. Алдымызға озық дамыған отыз елдің қатарына кіру мақсатын қойдық. 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Өткен жылы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы» бастау алды. Индустрияландыру бағдарламасы табысты іске асуда. «Цифрлы Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық жоспары жасалды» деп жарқын болашаққа нық қадаммен алға басқан еліміздің жан-жақты дамуы жолында атқарылып жатқан игі істерді баяндап өтеді[1].

Жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Елбасымыз қойған шешілуі тиіс міндеттердің алғашқысы Қазақстанның Индустрияландыру жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналуы тиістігі. Сонымен қатар индустрияландыру 4.0 жаңа технологиялық қалыптың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мейлінше инновациялық сипатқа ие болуға тиіс. Бұдан бөлек, IT және инжинирингтік қызмет көрсетуді дамыту ерекше маңызға ие болып отыр. 2018 жылы "цифрлық дәуір" өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу керектігі айтылды.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановтың «Халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп айтқан қанатты сөзі бүгінгі тәуелсіз еліміздің жастары үшін болашаққа бастау мұраты болмақ. Бұлай дейтініміз, қазіргі қарыштап дамып жатқан әлем өркениетінің негізі сапалы оқу-біліммен тығыз байланысты екендігі баршамызға аян. Сондықтан Қазақстанның бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болуы үшін біз